

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ

Аралық қысқартылған жеке
қаржылық есептілік (аудит жүргізілмеген)

*2022 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша
және осы күні аяқталған алты ай үшін*

МАЗМҰНЫ

Аралық қысқартылған жеке қаржылық есептілікті шолып тексерудің нәтижелері бойынша есеп

Аралық қысқартылған жеке қаржылық есептілік (аудит жүргізілмеген)

Қаржылық жағдай туралы аралық жеке есеп	1
Жиынтық кіріс туралы аралық жеке есеп	2
Ақша қаражатының қозғалысы туралы аралық жеке есеп	3-4
Капиталдағы өзгерістер туралы аралық жеке есеп	5
Аралық қысқартылған жеке қаржылық есептілікке ескертпелер (аудит жүргізілмеген)	6-31

Аралық қаржылық ақпаратты шолып тексерудің нәтижелері жөніндегі есеп

«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ның Акционерлері мен Басшылығына

Кіріспе

Біз «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ның қоса беріліп отырған аралық қысқартылған жеке қаржылық есептілігіне шолып тексеруді жүргіздік, әрі ол 2022 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша аралық қысқартылған жеке қаржылық жағдай туралы есеп, көрсетілген күнге аяқталған алты ай үшін жиынтық кіріс туралы аралық қысқартылған жеке есептен, меншікті капиталдағы өзгерістер туралы аралық қысқартылған жеке есептен және ақша қаражатының қозғалысы туралы аралық қысқартылған жеке есептен, сондай-ақ таң даулы түсіндірме ескертпелерден («аралық қаржылық ақпарат») тұрады. Басшылық 34 (IAS) «Аралық қаржылық есептілік» Халықаралық қаржылық есептілік стандартына сәйкес осы аралық қаржылық ақпаратты дайындау және оны ұсыну үшін жауапкершілік көтереді. Біздің жауапкершілігіміз жүргізілген шолып тексеруіміздің негізінде осы аралық қаржылық ақпарат жөнінде тұжырымды қалыптастыру болып табылады.

Шолып тексерудің көлемі

Біз шолып тексеруді 2410 «Ұйымның тәуелсіз аудиторы орындайтын аралық қаржылық ақпаратты шолып тексеру» шолып тексерулердің Халық аралық стандартына сәйкес жүргіздік. Аралық қаржылық ақпаратты шолып тексеруге ең алдымен қаржы мәселелері мен бухгалтерлік есеп мәселелеріне жауапты тұлғаларға сұратуларды жолдау, сондай-ақ шолып тексеруге жататын талдау және өзге де рәсімдерді қолдану кіреді. Шолып тексерудің көлемі Халықаралық аудит стандартына сәйкес жүргізілетін аудит көлемінен айтарлықтай аз болады және сондықтан шолып тексеру аудит процесінде анықталуы мүмкін барлық маңызды мәселелер бізге мәлім болатындығына сенімді болуымызға мүмкіндік бермейді. Тиісінше, біз аудиторлық пікірімізді білдірмейміз.

Тұжырым

Жүргізілген шолып тексеруіміздің негізінде «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ның қоса беріліп отырған аралық қаржылық ақпараты барлық елеулі аспектілерде «Аралық қаржылық есептілік» 34 (IAS) Халықаралық қаржылық есептілік стандартына сәйкес дайындалмады деп пайымдауға болатындай негіздеме ретінде болуы мүмкін фактілер анықталмады.

„Эрнст энд Янг“ ЖШС

Адилъ Сыздыков
Аудитор

Аудитордың 2013 жылғы 23 желтоқсандағы
№ МФ-0000172 біліктілік куәлігі

050060, Алматы, Қазақстан Республикасы
Әл-Фараби даңғылы, 77/7, «Есентай Тауэр» ғимараты

2022 жылғы 20 қыркүйек

Рустамжан Саттаров
«Эрнст энд Янг» ЖШС-тің
Бас директоры

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
2005 жылғы 15 шілдеде берген сериясы
МФЮ-2 № 0000003 болатын Қазақстан
Республикасының аумағында аудиторлық
қызметпен айналысуға арналған мемлекеттік
лицензия

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ЖЕКЕ ЕСЕП

Миллион теңгемен	Ескерт.	2022 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	2021 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)
Активтер			
Ұзақ мерзімді активтер			
Негізгі құралдар		10.177	10.434
Инвестициялық жылжымайтын мүлік		4.679	4.580
Материалдық емес активтер		701	830
Еншілес ұйымдарға инвестициялар	5	4.375.620	4.441.741
Бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар	6	1.545.552	1.545.552
Берілген қарыздар және қаржылық жалдау бойынша берешек	7	603.155	595.015
Кредиттік мекемелердегі қаражат	8	390.653	384.909
Басқа да ұзақ мерзімді қаржы активтері		694	2.780
Басқа да ұзақ мерзімді активтер	9	24.623	25.015
		6.955.854	7.010.856
Қысқа мерзімді активтер			
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем		2.253	1.930
Берілген қарыздар және қаржылық жалдау бойынша берешек	7	187.800	146.406
Кредиттік мекемелердегі қаражат	8	46.162	23.743
Басқа да қысқа мерзімді активтер	10	348.320	60.143
Ақша қаражаты мен оның баламалары	11	480.237	392.967
		1.064.772	625.189
Активтердің жиыны		8.020.626	7.636.045
Капитал және міндеттемелер			
Капитал			
Жарғылық капитал	12	5.268.580	5.268.580
Қосымша салынған капитал	12	239	—
Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестицияларды қайта бағалау резерві		(1.472)	(1.472)
Бөлінбеген пайда		983.971	581.545
Капитал жиыны		6.251.318	5.848.653
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Қарыздар	13	628.993	618.664
Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздары	14	578.847	569.105
Қаржылық кепілдіктер бойынша міндеттемелер	16	56.235	48.393
		1.264.075	1.236.162
Қысқа мерзімді міндеттемелер			
Қарыздар	13	441.300	480.350
Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздары	14	10.397	10.264
Қаржылық кепілдіктер бойынша міндеттемелер	16	5.991	5.195
Басқа да қысқа мерзімді міндеттемелер	15	47.545	55.421
		505.233	551.230
Міндеттемелер жиыны		1.769.308	1.787.392
Капитал мен міндеттемелер жиыны		8.020.626	7.636.045

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор –
Басқарма мүшесі

Бас бухгалтер



Назира Нұрбаева

Азиз Әбдірахманова

6-31-беттердегі қоса берілген ескертпелер осы аралық қысқартылған жеке қаржылық есептіліктің (аудит жүргізілмеген) ажыратылмайтын бөлігі.

ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ЖЕКЕ ЕСЕП

Миллион теңгемен	Ескерт.	2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген)	2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген)
Пайыздық кірістер	17	46.964	45.405
Пайыздық шығыстар	18	(32.074)	(32.369)
Дивидендтерден түскен кіріс	19	458.067	235.064
Жалпы пайда		472.957	248.100
Жалпы және әкімшілік шығыстар	20	(8.924)	(12.772)
Қаржылық кірістер	21	13.879	12.068
Қаржылық шығыстар	22	(33.707)	(23.083)
Басқа да ұзақ мерзімді активтердің құнсыздану резервін қалпына келтіруден түскен кіріс		39	—
Бірлескен кәсіпорынға салынған инвестицияның шығуынан болған шығын, нетто	23	(790)	—
Күтілетін кредиттік шығын резервін есептеуден болған шығын		(180)	(2.691)
Бағамдық айырмадан болған шығын, нетто		(15.417)	(2.013)
Басқа да (шығыстар)/кірістер, нетто		(241)	2.386
Табыс салығы есепке алынғанға дейінгі пайда		427.616	221.995
Табыс салығы бойынша шығыстар	24	(1.112)	(1.258)
Кезеңдегі таза пайда		426.504	220.737
Кезеңдегі басқа да жиынтық кіріс		—	—
Табыс салығын шегере отырып, кезеңдегі жиынтық кірістің жалпы сомасы		426.504	220.737
Акцияға пайда			
Акцияға шаққандағы кезеңдегі таза пайданың негізгі және ажыратылған үлесі (теңге)	12	122,49	63,39

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор -
Басқарма мүшесі



Асият Нұрбаева

Бас бухгалтер

Алмаз Әбдірахманова

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ЖЕКЕ ЕСЕП

Миллион теңгемен	Ескерт.	2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген)	2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген)
Операциялық қызметтен болған ақша ағындары			
Дивидендтер бойынша түсімдер	18	258.086	120.096
Алынған қарыздар бойынша түсімдер	13	23.605	21.442
Берілген қарыздарды қайтару		10.395	12.114
Кредиттік мекемелердегі қаражатты қайтару		3.345	26.524
Үкіметтен алынған қарыздарды өтеу	14	(440)	(23.285)
Еншілес компанияларға қарыздар беру		(30.178)	(3.360)
Өнім берушілерге төлемдер		(2.861)	(3.274)
Жалақы бойынша төлемдер		(1.441)	(1.459)
Демеушілік көмек беру		(4.181)	(4.991)
Төлем көзінен ұсталатын корпоративтік табыс салығы		(1.112)	(1.773)
Басқа да салықтар мен төлемдер		(1.972)	(1.207)
Алынған пайыздар		22.775	16.388
Төленген пайыздар	13, 14	(24.659)	(21.711)
Басқа да түсімдер		2.490	3.684
Операциялық қызметтен ақша қаражатының таза түсімі		253.852	139.188
Инвестициялық қызметтен болатын ақша ағындары			
Банк салымдарын орналастыру		(12.558)	—
Еншілес ұйымдардың жарғылық капиталына жарналар	5	(10.432)	(70.272)
Бірлескен кәсіпорындардың жарғылық капиталына жарналар	5	(2.475)	—
Негізгі құралдарды сатудан түскен түсімдер		12	—
Басқа да ұзақ мерзімді активтерді сатудан түскен түсімдер		1.873	—
Еншілес ұйымдар шығарған облигацияларды өтеуден түскен түсімдер		520	6.287
Негізгі құралдарды сатып алу		(81)	(173)
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ноттарын сатып алу		(248.463)	—
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ноттарын өтеуден түскен түсімдер		160.411	—
Материалдық емес активтерді сатып алу		—	(51)
Еншілес ұйымның жарғылық капиталының азаюымен байланысты түсімдер		—	8.564
Еншілес ұйымдар шығарған облигацияларды сатып алу		—	(15.695)
Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза жұмсалыуы		(111.193)	(71.340)

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ЖЕКЕ ЕСЕП (жалғасы)

Миллион теңгемен	Ескерт.	2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген)	2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген)
Қаржылық қызметтен ақша ағындары			
Акционерге бөлу	15	(31.650)	(47.649)
Алынған қарыздарды қайтару	13	(55.994)	(65.083)
Қарыздар бойынша түсімдер	13	9.799	86.969
Үкіметтің қарыздарын өтеу	14	(137)	—
Басқа да түсімдер		—	64
Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражатының таза жұмсалуды		(77.982)	(25.699)
Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза көбеюі		64.677	42.149
Айырбас бағамдары өзгерістерінің ақша қаражаты мен оның баламаларына әсері			
		22.535	3.874
Күтілетін кредиттік шығын резервіндегі өзгеріс		58	(42)
Кезең басындағы ақша қаражаты мен оның баламалары		392.967	344.292
Кезең соңындағы ақша қаражаты мен оның баламалары		480.237	390.273

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор -
Басқарма мүшесі



Нұрбаева

Бас бухгалтер

Алмаз Әбдірахманова

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ЖЕКЕ ЕСЕП

Миллион теңгемен	Ескерт.	Жарғылық капитал	Қосымша салынған капитал	Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша ескерілетін инвестицияларды қайта бағалау резерві	Бөлінбеген пайда	Жиыны
2020 жылғы 31 желтоқсанға сальдо (аудит жүргізілген)		5.258.657	—	(1.472)	519.489	5.776.674
Кезеңдегі таза пайда		—	—	—	220.737	220.737
Кезеңдегі жиынтық кіріс жиыны		—	—	—	220.737	220.737
Акционерге басқа да бөлу	12	—	—	—	(29.585)	(29.585)
Акционерге беруге арналған активтер		—	—	—	(161)	(161)
2021 жылғы 30 маусымға сальдо (аудит жүргізілмеген)		5.258.657	—	(1.472)	710.480	5.967.665
2021 жылғы 31 желтоқсанға сальдо (аудит жүргізілген)		5.268.580	—	(1.472)	581.545	5.848.653
Кезеңдегі таза пайда		—	—	—	426.504	426.504
Кезеңдегі жиынтық кіріс жиыны		—	—	—	426.504	426.504
Акцияларды шығару	12	—	239	—	—	239
Акционерге басқа да бөлу	12	—	—	—	(24.000)	(24.000)
Үкіметтен қарыздар бойынша дисконт		—	—	—	(78)	(78)
2022 жылғы 30 маусымға сальдо (аудит жүргізілмеген)		5.268.580	239	(1.472)	983.971	6.251.318

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор -
Басқарма мүшесі


Назира Нұрбаева

Бас бухгалтер




Алмаз Абдірахманова

АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген)

1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

Корпоративтік ақпарат

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл ауқат қоры» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - «Қор» немесе «Самұрық-Қазына») Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 13 қазандағы Жарлығына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 17 қазандағы қаулысына сәйкес 2008 жылғы 3 қарашада құрылды. Қор «Қазына» тұрақты даму қоры» АҚ (бұдан әрі - «Қазына») мен «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі» АҚ-ны (бұдан әрі - «Самұрық») біріктіру және Мемлекеттің Қорға Қазақстан Республикасы Үкіметіне (бұдан әрі - «Мемлекет» немесе «Үкімет») тиесілі кейбір кәсіпорындардағы өз меншік құқығын қосымша беру арқылы құрылды. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті атынан Үкімет Қордың құрылтайшысы болып табылады. Үкімет – Қордың жалғыз акционері (бұдан әрі - «Акционер»).

2012 жылғы 1 ақпанда «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 1 ақпандағы Заңы қабылданды, оған сәйкес Қордың қызметі Қордың тобына кіретін ұйымдардың ұзақ мерзімді құнын (құндылығын) ұлғайту және Қордың тобына кіретін активтерді тиімді басқару арқылы Қазақстан Республикасының ұлттық әл-ауқатын арттыруға бағытталуға тиіс.

Қор 5 және 6-ескертпелерде санамаланған бірқатар компаниялардағы инвестицияларды иеленетін холдинг.

Қордың әкімшілік мекенжайы: Нұр-Сұлтан қаласы, Сығанақ көшесі, 17/10, Қазақстан Республикасы.

Осы аралық қысқартылған жеке қаржылық есептілікті Қордың Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директоры мен Бас бухгалтері 2022 жылғы 20 қыркүйекте шығару үшін бекітті.

Осы аралық қысқартылған жеке қаржылық есептілік Қордың аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігіне қосымша шығарылды. Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікті Қордың Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директоры мен Бас бухгалтері 2022 жылғы 20 қыркүйекте шығару үшін бекітті.

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ

2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін аралық қысқартылған жеке қаржылық есептілік 34 БЕХС «Аралық қаржылық есептілік» («34 БЕХС») Халықаралық бухгалтерлік есеп стандартына сәйкес дайындалды. Осы аралық қысқартылған жеке қаржылық есептілікке жылдық қаржылық есептілікте ашылып көрсетілуі тиіс барлық мәліметтер мен деректер кірмейді және 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Қордың жылдық жеке қаржылық есептілігімен бірге қарастырылуы тиіс.

Осы аралық қысқартылған жеке қаржылық есептіліктегі барлық мәндер, арнайы аталған жағдайларды қоспағанда, миллион теңгеге дейін дөңгелектенген.

Шетел валютасын қайта есептеу

Функционалдық валюта және ұсыну валютасы

Аралық қысқартылған жеке қаржылық есептілік Қордың функционалдық валютасы мен есептілікті ұсыну валютасы болып табылатын теңгеммен берілді.

Операциялар және шоттар сальдосы

Шетел валюталарындағы операциялар бастапқыда операцияның жасалу күніне қолданылатын бағам бойынша функционалдық валютада ескеріледі. Шетел валютасында көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелер есепті күнге қолданылатын функционалды валютаның ресми нарықтық бағамы бойынша қайта есептеледі. Барлық бағамдық айырмалар жиынтық кіріс туралы аралық жеке есепке қосылады.

Тарихи құнның негізінде шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес баптар бастапқы мәмілелер жасалған күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі. Әділ құн негізінде шетел валютасында бағаланатын монетарлық емес баптар әділ құнды айқындау күніне бағамдар бойынша қайта есептеледі.

АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУДЫҢ НЕГІЗІ (жалғасы)

Шетел валютасын қайта есептеу (жалғасы)

Валюталарды айырбастау бағамдары

Қазақстан қор биржасында (бұдан әрі - «ҚҚБ») белгіленген орташа өлшенген айырбас бағамдары Қазақстанда шетел валютасын айырбастаудың ресми нарықтық бағамдары ретінде пайдаланылады.

ҚҚБ-ның 2022 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша айырбас бағамы 1 АҚШ доллары үшін 470,34 теңгені құрады. Осы бағам 2022 жылдың 30 маусымына АҚШ долларында көрсетілген ақшалай активтер мен міндеттемелерді қайта есептеу үшін пайдаланылды (2021 жылғы 31 желтоқсанға: 1 АҚШ доллары үшін 431,8 теңге). ҚҚБ-ның 2022 жылғы 20 қыркүйектегі айырбас бағамы 1 АҚШ доллары үшін 478,26 теңгені құрады. 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда шетелдік валюталардың теңгеге қатысты бағамының тұрақсыздығына байланысты Қорда 15.417 миллион теңге мөлшерінде нетто, теріс бағамдық айырма қалыптасты.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ

Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер

Аралық қысқартылған жеке қаржылық есептілікті дайындау кезінде қабылданған есепке алу қағидаттары, 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енген жаңадан қабылданған стандарттар мен түсіндірмелерді қоспағанда, 2021 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін Қордың жылдық жеке қаржылық есептілігін дайындау кезінде қолданылған қағидаттарға сәйкес келеді. Қор шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген қандай да бір басқа стандарттарды, түсіндірмелерді немесе түзетулерді мерзімінен бұрын қолданбайды.

Кейбір түзетулер мен түсіндірмелер 2022 жылы қолданылды, бірақ олар аралық қысқартылған жеке қаржылық есептілікке ықпалын тигізген жоқ.

Қор тек Қор үшін ғана жарамды және қолданылатын стандарттардың тізімін ұсынды.

«Негізгі құралдар: мақсатына лайық пайдаланғанға дейінгі түсімдер» 16 ҚЕХС-ке (IAS) түзетулер

Бұл түзетулерге сай ұйымдарға негізгі құрал объектісінің бастапқы құнынан бұл объектіні орналасқан жеріне дейін жеткізу және оны басшылықтың ниетіне сәйкес пайдалану үшін талап етілетін жай-күйге келтіру процесінде жасалған бұйымдарды сатудан түскен қандай да бір түсімдерді есептен шығаруға тыйым салынған. Осының орнына ұйым мұндай бұйымдарды сатудан түсетін түсімдерді, сондай-ақ бұл бұйымдарды шығару құнын пайданың немесе шығынның құрамында мойындайды. Бұл түзетулер Қордың аралық қысқартылған жеке қаржылық есептілігіне әсер еткен жоқ, өйткені қаржылық есептілікте ұсынылған кезеңнің ең ерте кезеңінің басталу күніне (немесе одан кейін) пайдалануға қолжетімді болатын негізгі құралдардың осындай объектілері өндіріген бұйымдарды сату болмаған.

«Қаржы құралдары» 9 ҚЕХС-ке (IFRS) түзету – қаржылық міндеттемелерді тануды тоқтату үшін «10% тестісін» жүргізу кезіндегі комиссиялық сыйақы

Түзетуде ұйым жаңа немесе түрлендірілген қаржылық міндеттеменің талаптары бастапқы қаржылық міндеттеменің талаптарынан айтарлықтай ерекшеленетіндігін бағалау кезінде ескеретін комиссиялық сыйақы сомалары түсіндіріледі. Мұндай сомаларға тек, кредитор немесе қарыз алушы басқа тараптың атынан төлеген немесе алған комиссиялық сыйақыны қоса алғанда, белгілі бір кредитор мен қарыз алушының арасында төленген немесе алынған комиссиялық сыйақылар ғана жатады. «Қаржы құралдары: тану және бағалау» 39 ҚЕХС (IAS) үшін ұқсас түзету көзделмеген. Бұл түзетулер Қордың аралық қысқартылған жеке қаржылық есептілігіне әсер еткен жоқ, өйткені қаралып отырған кезең ішінде Қордың қаржы құралдарының түрлендірілуі болмады.

Қор, егер бұл қажет болса, келешек кезеңдерде практикалық сипаттағы жеңілдіктерді қолдануға ниетті.

Операциялық орта

Қазақстан Республикасының экономикасы дамып жатқан нарықтарға тән болатын кейбір ерекшеліктерді танытуын жалғастыруда. Әсіресе ол мұнай мен газ бағасының және ел экспортының негізгі бөлігін құрайтын басқа да минералды шикізат бағасының құбылуына сезімтал келеді. Бұл ерекшеліктерге елден тыс жерлерде еркін айырбасталмайтын ұлттық валютаның болуы және бағалы қағаздар нарығы өтімділігінің төмен деңгейі жатады, бірақ олармен шектелмейді.

АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ (жалғасы)

Операциялық орта (жалғасы)

Айырбас бағамының құбылмалылығы, өтімділіктің төмендеуін және халықаралық қаржыландыруды тартуда қиындықтардың пайда болуын қоса алғанда, Қазақстан Республикасының экономикасына теріс әсерін көрсетті және көрсетуін жалғастыра алады.

Басшылық ағымдағы жағдайларда Қор қызметінің тұрақтылығы мен өсімін қолдау үшін барлық қажетті шараларды қолға алып отырғанына сенімді. Келешек экономикалық ахуал мен нормативтік-құқықтық орта басшылықтың қазіргі үміттерінен ерекшелене алады.

4. МАҢЫЗДЫ БУХГАЛТЕРЛІК ПАЙЫМДАУЛАР, БАҒАЛАУЛАР МЕН ЖОРАМАЛДАР

Еншілес ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестициялардың құнсыздануы

Қор әрбір есепті күнге еншілес ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестициялардың баланстық құнының құнсыздану индикаторларының болуын тексереді. Егер мұндай индикаторлар болса, активтердің өтелетін құны бағаланады және активтердің баланстық құнымен салыстырылады. Егер баланстық құн активтердің өтелетін құнынан асатын болса, құнсыздану мойындалады. Өтелетін құн қос мәннің ең үлкені ретінде айқындалады: өткізуге шығатын шығыстарды және пайдалану құндылығын шегере отырып активтердің әділ құны. Пайдаланудан болған құндылықты бағалау кезінде, есепті келешек ақша ағындары ақшаның және активтерге тән тәуекелдердің уақытша құнының Қор Басшылығының пікірінше ағымдағы нарықтық бағалауын көрсететін капиталдың орташа алынған құнының базасында есептелген (WACC) салық салынғанға дейінгі дисконт мөлшерлемесін пайдалана отырып, олардың ағымдағы құнына дейін дисконтталады. Бағаланған өтелетін құндағы өзгеріс қосымша құнсыздануға немесе оның келешек кезеңдерде қалпына келтірілуіне әкеліп соқтыруы мүмкін.

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ-ға (бұдан әрі - «ҚТЖ») салынған инвестициялардың құнсыздануы

Активтердің құнсыздану белгілері болуының айқындалуы теміржол индустриясының күтілетін өсіміндегі өзгеріс, болжамды ақша ағындары, келешекте қаржыландырудың қолжетімділігінің өзгеруі; технологиялық ескіру, қызметтерді көрсетудің тоқтатылуы, орнын ауыстыруға ағымдағы шығындар және талаптардың басқа да өзгерістері сияқты көптеген факторларға негізделеді.

Қор басшылығы ҚТЖ-дағы инвестициялардың құнсыздану индикаторларын саралады. Жасалған талдаудың негізінде ҚТЖ-ға салынған инвестициялардың баланстық құны 2022 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша ҚТЖ-ның таза активтерінен жоғары болды.

ҚТЖ-ға салынған инвестициялардың құнсыздану индикаторларының болуына орай Қор 2022 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша құнсыздануға тест өткізді. ҚТЖ-ға салынған инвестициялардың өтелетін құны пайдалану құндылығының әдісі негізінде айқындалды.

Ақша ағындарын бағалау көптеген субъективті факторларды, соның ішінде ең жақсы дәлелдерді қолдана отырып, операциялық және қаржылық факторларды қамтиды.

Тест кезінде пайдаланылған операциялық жорамалдар тасымалдаудың барынша ықтимал көлемдерін, оның ішінде сұраныстың жоспарланған көлемінің және транзиттік қатынаста жүк тасымалы өсімінің тарихи серпінділігінің негізінде, стратегиялық мақсаттарға қолжеткізу құралы болып табылатын ҚТЖ-ның бекітілген бизнес-жоспарының негізінде транзит көлемін көрсетеді.

Қаржылық жорамалдарға тарифтердің болжамды деңгейімен және өсуімен, ұсынылатын жеңілдіктермен, сондай-ақ теңгенің швейцария франкісіне қатысты болжамды бағамымен байланысты едәуір бағалаулар жатады. Есептеулерде пайдаланылған шешуші ұзақ мерзімді жорамалдар 4% өсімнің жыл сайынғы үрдісі мен 11,29% мөлшеріндегі дисконттау мөлшерлемесі қолданылды.

2022 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Қордың инвестицияларын пайдалану құндылығын есептеудің негізінде құнсыздану анықталған жоқ.

АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

4. МАҢЫЗДЫ БУХГАЛТЕРЛІК ПАЙЫМДАУЛАР, БАҒАЛАУЛАР МЕН ЖОРАМАЛДАР (жалғасы)

Еншілес ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестициялардың құнсыздануы (жалғасы)

«АстанаГаз ҚМГ» АҚ-ға (бұдан әрі – «АстанаГаз») салынған инвестициялардың құнсыздануы

Қор басшылығы АстанаГаз-дағы инвестициялардың құнсыздану индикаторларын саралады. Жасалған талдаудың негізінде АстанаГаз-ға салынған инвестициялардың баланстық құны 2022 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша АстанаГаз-дың таза активтерінен жоғары болды.

АстанаГаз-ға салынған инвестициялардың құнсыздану индикаторларының болуына орай Қор 2022 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша құнсыздануға тест өткізді. АстанаГаз-ға салынған инвестициялардың өтелетін құны пайдалану құндылығының әдісі негізінде айқындалды. Пайдалану құндылығы «Сарыарқа» магистральдық газ құбырының терминалды құнының (пост болжамды кезеңде) келтірілген құны ретінде бағаланды. Терминалды құнның есептелуі «Сарыарқа» магистральдық газ құбыры модельдеудің барлық кезеңінде, постболжамды кезеңді қоса, АстанаГаз-дың меншігінде болады деген жорамалдың негізінде қалыптастырылды, бұл компанияға оны АстанаГаз акционерлерін қанағаттандыратын талаптарда 2033 жылдан кейін, яғни жалдау төлемдері негізінен қарыздарға қызмет көрсетуге жұмсалатын кезеңнен кейін жалға беруді жалғастыруға мүмкіндік береді.

Есептеу кезінде 9,10% дисконттау мөлшерлемесі (WACC) пайдаланылды. Бұл талдаудың нәтижесінде 2022 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша құнсыздану анықталмады. WACC мөлшерлемесінің 2%-ға өсуі Қор инвестицияларының баланстық құнының өтелетін құнынан жоғары болуына әкелуі мүмкін, бұл болашақта құнсыздануды тану қажеттілігіне әкеліп соқтыруы мүмкін.

«Samruk-Kazyna Ondeu» ЖШС-дағы инвестициялардың құнсыздануы

Қор басшылығы Samruk-Kazyna Ondeu-дегі инвестициялардың құнсыздану индикаторларын саралады. Жасалған талдаудың негізінде Samruk-Kazyna Ondeu-ге салынған инвестициялардың баланстық құны 2022 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Samruk-Kazyna Ondeu-дің таза активтерінен жоғары болды.

Samruk-Kazyna Ondeu-ге салынған инвестициялардың құнсыздану индикаторларының болуына орай Қор 2022 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша құнсыздануға тест өткізді. Samruk-Kazyna Ondeu-ге салынған инвестициялардың өтелетін құны пайдалану құндылығының әдісі негізінде айқындалды.

Қаржылық жорамалдарға полипропиленге бағалардың болжамды деңгейімен және өсуімен, сондай-ақ теңгенің АҚШ долларына қатысты болжамды бағамымен байланысты едәуір бағалаулар жатады. Есептеулерде пайдаланылған шешуші ұзақ мерзімді жорамалдар 2,40% өсімнің жыл сайынғы үрдісі мен 8,43% мөлшерінде АҚШ долларында дисконттау мөлшерлемесі қолданылды.

АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

4. МАҢЫЗДЫ БУХГАЛТЕРЛІК ПАЙЫМДАУЛАР, БАҒАЛАУЛАР МЕН ЖОРАМАЛДАР (жалғасы)

Еншілес ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестициялардың құнсыздануы (жалғасы)

«Samruk-Kazyna Odeu» ЖШС-дағы инвестициялардың құнсыздануы (жалғасы)

Инвестицияның өтелетін құнын бағалаудың нәтижесінде 2022 жылғы 30 маусымға құнсыздану анықталмады. Бұл ретте пайдалану құндылығының есебі келесі жорамалдарға сезімтал келеді:

- Полипропиленді өткізу көлемдері;
- АҚШ долларының бағамы;
- Дисконттау мөлшерлемесіне (WACC).

Қор сезімталдылықты талдап, қалған жеке және өзгермейтін параметрлердегі шешуші жорамалдардағы өзгерістер кезінде құнсыздану болмайды:

- *Дисконттау мөлшерлемесі (WACC)* – дисконттау мөлшерлемесінің 8,43%-дан 8,81%-ға дейін ұлғаюы.

Samruk-Kazyna Odeu жобаларының көпшілігі бастапқы сатыда және жоба әрі жобалар экономикасының кезеңдеріндегі кідірістер сияқты сыртқы және ішкі факторлардың өзгеруіне сезімтал келеді. Жоғарыда аталған факторлардың әрқайсысының келешектегі едәуір өзгерістері немесе бір мезгілде бірнеше фактордың теріс ықпалы мұндай өзгерістер орын алатын кезеңдерде құнсызданудан болатын едәуір шығынның пайда болуына әкеп соқтыра алады.

«Қазпошта» АҚ-ға (бұдан әрі – «Қазпошта») салынған инвестициялардың құнсыздануы

Қор басшылығы Қазпоштадағы инвестициялардың құнсыздану индикаторларын саралады. Жасалған талдаудың негізінде Қазпоштаға салынған инвестициялардың баланстық құны 2022 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Қазпоштаның таза активтерінен жоғары болды.

«Қазпошта» АҚ-ға салынған инвестициялардың құнсыздану индикаторларының болуына орай Қор 2022 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша құнсыздануға тест өткізді. «Қазпошта» АҚ-ға салынған инвестициялардың өтелетін құны пайдалану құндылығының әдісі негізінде айқындалды.

Ақша ағындарын бағалау көптеген субъективті факторларды, соның ішінде ең жақсы дәлелдерді қолдана отырып, операциялық және қаржылық факторларды қамтиды.

Тест кезінде пайдаланылған операциялық жорамалдар стратегиялық мақсаттарға қол жеткізудің құралы болып табылатын «Қазпошта» АҚ-ның бекітілген бизнес-жоспарының негізінде пошта қызметтерінің барынша ықтимал көлемдерін көрсетеді.

Қаржы жорамалдарына болжамды деңгеймен және тарифтердің өсуімен, берілетін жеңілдіктермен байланысты едәуір бағалаулар жатады. Есептеулерде пайдаланылған шешуші ұзақ мерзімді жорамалдар 4,5% өсімнің жыл сайынғы үрдісі мен 11,69% мөлшеріндегі дисконттау мөлшерлемесі қолданылды.

Инвестицияның өтелетін құнын бағалаудың нәтижесінде 2022 жылғы 30 маусымға құнсыздану анықталмады.

Қор сезімталдыққа талдау жүргізді және негізгі болжамдар өзгерген кезде, оның ішінде ұзақ мерзімді өсу қарқыны мен дисконттау мөлшерлемесі жеке-жеке тең болған жағдайда құнсыздану болмайды деген қорытындыға келді.

- *Дисконттау мөлшерлемесі (WACC)* – дисконттау мөлшерлемесінің 11,69%-дан 17,69%-ға дейін ұлғаюы.

«QAZAQ AIR» АҚ-ға (бұдан әрі – «QAZAQ AIR») салынған инвестициялардың құнсыздануы

Қор басшылығы 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша QAZAQ AIR-дағы инвестицияларының құнсыздану индикаторларына талдау жүргізді. Жасалған талдаудың негізінде QAZAQ AIR-ға салынған инвестициялардың баланстық құны 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша QAZAQ AIR-дың таза активтерінен жоғары болды.

АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

4. МАҢЫЗДЫ БУХГАЛТЕРЛІК ПАЙЫМДАУЛАР, БАҒАЛАУЛАР МЕН ЖОРАМАЛДАР (жалғасы)

Еншілес ұйымдар мен бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестициялардың құнсыздануы (жалғасы)

«QAZAQ AIR» АҚ-ға (бұдан әрі – «QAZAQ AIR») салынған инвестициялардың құнсыздануы (жалғасы)

«QAZAQ AIR» АҚ-ға салынған инвестициялардың құнсыздану индикаторларының болуына орай Қор 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша құнсыздануға тест өткізді. «QAZAQ AIR» АҚ-ға салынған инвестициялардың өтелетін құны нарықтық әдістің негізінде айқындалды. Инвестициялардың әділ құны 5 әуе кемесінің әділ құнының сомасы және «QAZAQ AIR» АҚ-ның өтімділігі жоғары қаржы активтері құнының сомасы ретінде айқындалды.

2021 жылғы 31 желтоқсанға инвестициялардың өтелетін құнын бағалау нәтижесінде, құнсыздану анықталды және Қор 12.200 миллион теңге мөлшеріндегі еншілес ұйымдарға инвестициялардың құнсыздануынан болған залалды жиынтық кіріс туралы жеке есепте таныды (5-ескерту).

2022 жылғы 30 маусымдағы және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша QAZAQ AIR-дің инвестициялары толығымен құнсызданды.

«Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС (бұдан әрі - «СҚИ») инвестицияларының құнсыздануы

Қор басшылығы «СҚИ»-дегі инвестициялардың құнсыздану индикаторларын саралады. Жасалған талдаудың негізінде «СҚИ»-ге салынған инвестициялардың баланстық құны 2022 жылғы 30 желтоқсандағы жағдай бойынша «СҚИ»-дің таза активтерінен жоғары болды.

«СҚИ»-ге салынған инвестициялардың құнсыздану индикаторының болуына орай Қор 2022 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша құнсыздануға тест өткізді. «СҚИ»-ге салынған инвестициялардың өтелетін құны пайдалану құндылығының әдісі негізінде айқындалды.

Құнсыздануға арналған тесттің қаржылық моделіндегі болжамды ақша ағындары жобалау компанияларындағы «СҚИ»-дің қатысу үлесін сатып алу-сату шарттарының, «Samruk Kazyna United Green» ЖШС жобалау компаниясында «СҚИ»-дің қатысу үлесін сатып алу бойынша үшінші тараптың индикативтік ұсыныстарының, жобалау компанияларының бағалау деректерінің, «СҚИ» портфельдік компанияларының жарғылық капиталына, сондай-ақ «Bolashaq Investments LTD» ЖК-нің нарықтық баға белгіленімдеріне және портфельдік инвестицияларына сәйкес Sekerbank T.A.S. листинг жасалатын компаниядағы үлесінің құнына негізделеді.

Инвестицияның өтелетін құнын бағалаудың нәтижесінде 2022 жылғы 30 маусымға құнсыздану анықталмады.

АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)**5. ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР**

Келесі кестеде еншілес ұйымдарға салынған инвестициялар, олардың қызметі, тіркелген елі немесе Қордың еншілес ұйымдарының орналасқан жері, сондай-ақ Қордың бұл еншілес ұйымдардағы иелік ету үлесі көрсетілген:

Миллион теңгемен	Қызметінің түрі	Елі	2022 жылғы (аудит жүргізілмеген)	2021 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)	Иелік ету үлесі	
					2022 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	2021 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)
«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ	Жолаушылар және жүк тасымалы	Қазақстан	1.494.940	1.494.701	100,00%	100,00%
«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ	Мұнай мен газды барлау, өндіру, қайта өңдеу және тасымалдау	Қазақстан	1.191.571	1.187.621	90,42%	90,42%
«Samruk-Kazyna Odeu» ЖШС	Химия саласындағы жобаларды әзірлеу және іске асыру	Қазақстан	456.913	531.291	100,00%	100,00%
«Самұрық-Энерго» АҚ	Электр және жылу энергиясын өндіру	Қазақстан	456.033	456.033	100,00%	100,00%
«Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ	Қатты пайдалы қазбаларды барлау, өндіру және қайта өңдеу	Қазақстан	293.333	293.333	100,00%	100,00%
«Электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компания» АҚ («КЕГОК»)	Электр қуатын тарату	Қазақстан	120.648	120.648	90,00% + 1	90,00% + 1
«ҚазАтомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» АҚ	Уранды, сирек металдарды шығару және өндіру	Қазақстан	110.608	110.608	75,00%	75,00%
«Қазақтелеком» АҚ	Телекоммуникациялар қызметі	Қазақстан	93.212	93.212	52,03%	52,03%
«Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС	Инвестициялық қызмет	Қазақстан	68.517	68.517	100,00%	100,00%
«Қазпошта» АҚ	Почта және қаржылық қызмет	Қазақстан	46.410	42.902	100,00%	100,00%
«Samruk-Kazyna Construction» АҚ	Құрылысты және жылжымайтын мүлікті басқару	Қазақстан	31.849	31.849	100,00%	100,00%
«QAZAQ AIR» АҚ	Авиатасымалдаулар	Қазақстан	12.200	12.200	100,00%	100,00%
«Эйр Астана» АҚ	Авиатасымалдаулар	Қазақстан	7.276	7.276	51,00%	51,00%
«Самұрық-Қазына Бизнес Сервис» ЖШС	Трансформацияны іске асыру бойынша сервистік қызметтер, АТ саласында ақпараттық және сервистік қызметтер	Қазақстан	2.606	2.606	100,00%	100,00%
«Қазақстан атом электр станциялары» АҚ	Атом электр станцияларын салу жобаларын іске асыру	Қазақстан	1.633	1.123	100,00%	100,00%
«Center for Scientific and Technological Initiatives» ЖК	Инновациялық технологиялар бойынша ведомстволық қызметтер, жаратылыстану және техникалық ғылымдар саласындағы өзге де зерттеулер мен эксперименттік әзірлемелер	Қазақстан	50	—	100,00%	—
«Самұрық-Қазына Контракт» ЖШС	Сатып алу қызметін ұйымдастыру	Қазақстан	21	21	100,00%	100,00%
«QazaqGaz» ұлттық компаниясы» АҚ	Табиғи газ бен газ конденсатын барлау, өндіру, тасымалдау, өткізу және сақтау	Қазақстан	—	—	100,00%	100,00%
Минусы: құнсыздану резерві			(12.200)	(12.200)		
			4.375.620	4.441.741		

АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

5. ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР (жалғасы)

Еншілес ұйымдарға салынған инвестициялардағы өзгерістер

Еншілес ұйымдарға салынған инвестициялардағы қозғалыс былайша көрсетілген:

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ

2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде Қор «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ жарғылық капиталына мүліктік салым нысанында салымды жүзеге асырды, оның баланстық құны 239 миллион теңгені құрады (12-ескертпе) (2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде: 3.786 миллион теңге).

«Samruk-Kazyna Odeu» ЖШС

2021 жылғы 23 желтоқсанда Қор Басқармасының шешімімен «Samruk-Kazyna Odeu» ЖШС-ның жарғылық капиталының жалпы сомасы 199.600 миллион теңгеге азаюы белгіленді, оның 88.649 миллион теңгесі Қорға төленуі тиіс, ал қалған бөлігі 110.951 миллион теңге мөлшерінде «Samruk-Kazyna Odeu» ЖШС-да мерзімсіз негізде қалуы тиіс.

2022 жылғы 17 ақпанда Қор «Samruk-Kazyna Odeu» ЖШС-мен бас тарту туралы келісім жасасты, оның шеңберінде «Samruk-Kazyna Odeu» ЖШС-ның 88.649 миллион теңге мөлшеріндегі төлемді жүзеге асыру бойынша міндеттемесі Қорға «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС-ға қатысу үлесінің 49,5%-ын беруге байланысты тоқтатылады. 2022 жылғы 18 наурызда Қордың «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС-дағы қатысу үлесінің 49,5%-на меншік құқықтары қайта тіркелді. Осы оқиғаның нәтижесінде Қор «Samruk-Kazyna Odeu» ЖШС-ның инвестициясын 88.649 миллион теңге сомасына азайтты.

2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде Қор «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС-ның жарғылық капиталына салымды жүзеге асырды, сондай-ақ «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС бірлескен кәсіпорнының Қытай Даму Банкінен қарыз бойынша қосымша транштарды алуына байланысты 841 миллион теңге мөлшерінде берілген қаржылық кепілдік бойынша қосымша міндеттемелерді мойындады. 2022 жылғы 13 маусымда «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС-ға қатысу үлесінің 49,5% «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ-ның пайдасына 91.175 миллион теңге жалпы сомаға өткізілді, ол «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ-дан алынған пайызсыз қарыз есебіне жатқызылды (13-ескертпе). Сатып алу-сату мәмілесінің нәтижесінде Қор 790 миллион теңге мөлшерінде бірлескен кәсіпорынға инвестициялардың есептен шығарылуынан болған таза шығынды жиынтық кіріс туралы жеке есепте мойындады (23-ескертпе).

2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде Қор «Samruk-Kazyna Odeu» ЖШС-ның жарғылық капиталына ақшалай жарна нысанында 6.364 миллион теңге мөлшерінде салымды жүзеге асырды (2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде: 70.033 миллион теңге).

Сондай-ақ Қор 2017 жылғы 15 желтоқсандағы қарыз шартына қосымша келісім жасасуға байланысты «Samruk-Kazyna Odeu» ЖШС-ға қосымша келісім күніне әділ құн мен оның номиналды құны арасындағы айырма ретінде есептелген инвестицияларды ұлғайту ретінде 1.421 миллион теңге мөлшеріндегі дисконтты таныды (7-ескертпе).

2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде Қор «Samruk-Kazyna Odeu» ЖШС-ның бірлескен кәсіпорны - «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС Қытайдың Даму Банкінен алынған қарыз бойынша қосымша транштарды алумен байланысты 6.486 миллион теңге мөлшерінде берілген қаржылық кепілдік бойынша қосымша міндеттемелерді мойындады.

«Қазпошта» АҚ

2022 жылғы 1 наурызда Қор «Қазпошта» АҚ-ның жарғылық капиталына ақшалай жарна нысанында 3.508 миллион теңге мөлшерінде салымды жүзеге асырды (2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде: 239 миллион теңге).

АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
(аудит жүргізілмеген) (жалғасы)**5. ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР (жалғасы)****Еншілес ұйымдарға салынған инвестициялардағы өзгерістер (жалғасы)***«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ*

2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде Қор «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ-ның бірлескен кәсіпорны - «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС Қытайдың Даму Банкінен алынған қарыз бойынша қосымша транштарды алумен байланысты 3.950 миллион теңге мөлшерінде берілген қаржылық кепілдік бойынша қосымша міндеттемелерді мойындады.

«Қазақстан атом электр станциялары» АҚ

2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде Қор «Қазақстан атом электр станциялары» АҚ-ның жарғылық капиталына ақшалай жарна күйінде 510 миллион теңге мөлшерінде салым салды.

«Center for Scientific and Technological Initiatives» ЖК

2022 жылғы 18 сәуірде «Астана» халықаралық қаржы орталығында негізгі қызмет түрлері инновациялық технологиялар бойынша ведомстволық қызметтер, жаратылыстану және техникалық ғылымдар саласындағы өзге де зерттеулер мен эксперименттік әзірлемелер болып табылатын Қордың жаңа еншілес компаниясы «Center for Scientific and Technological Initiatives Ltd» жеке компаниясы тіркелді. Қор 2022 жылғы 5 мамырда «Center for Scientific and Technological Initiatives Ltd» жеке компанияның жарғылық капиталына ақшалай салым күйінде 50 миллион теңге мөлшерінде салым салды.

6. БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫНДАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР

Бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестициялар былайша берілген:

<i>Миллион теңгемен</i>	2022 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	2021 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)
«KMG Kashagan B.V.» ЖШЖК	1.494.941	1.494.941
«АстанаГазҚМГ» АҚ	43.695	43.695
«Екібастұз МАЭС-2 станциясы» АҚ	16.390	16.390
«Түркістан ПМУ» ЖШС	—	—
Минусы: құнсыздану резерві	(9.474)	(9.474)
	1.545.552	1.545.552

2021 жылғы 28 қазанда Қор және «Samruk-Kazyna Odeu» ЖШС 80.000 теңге жалпы сомаға «PVH Development» ЖШС-ның жарғылық капиталына қатысу үлесінің 50%-ын сатып алу-сату шартын жасасты. 2022 жылғы 21 қаңтарда құқықты қайта тіркеу және қатысу үлесінің ауысуы жүргізілді. Қор осы сомаға «PVH Development» ЖШС-ға инвестицияларды таныды. 2022 жылғы 31 наурызда «PVH Development» ЖШС «Түркістан ПМУ» ЖШС болып қайта аталды.

Бірлескен кәсіпорындардың қызметі, олардың орналасқан жерінің елі және Қордың үлесі былайша берілген:

Компания	Қызметінің түрі	Елі	Иелік ету үлесі	
			2022 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	2021 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)
«KMG Kashagan B.V.» ЖШЖК	Мұнай-газ саласы	Нидерланды	50,00%	50,00%
«АстанаГазҚМГ» АҚ	Газды тасымалдау	Қазақстан	50,00%	50,00%
«Екібастұз МАЭС-2 станциясы» АҚ	Электр және жылу	Қазақстан	50,00%	50,00%
«Түркістан ПМУ» ЖШС	энергиясын өндіру және өткізу	Қазақстан	50,00%	—
	Мұнай-газ химия өнімін өндіру	Қазақстан	50,00%	—

АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
(аудит жүргізілмеген) (жалғасы)**7. БЕРІЛГЕН ҚАРЫЗДАР ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАЛДАУ БОЙЫНША БЕРЕШЕК**

Берілген қарыздар және қаржылық жалдау бойынша берешекке мыналар кірді:

<i>Миллион теңгемен</i>	2022 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	2021 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)
Еншілес ұйымдарға берілген қарыздар	399.114	372.218
«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ	115.462	85.227
«Самұрық-Энерго» АҚ	91.735	91.686
«QAZAQ AIR» АҚ	66.135	64.725
«Samruk-Kazyna Construction» АҚ	63.218	67.436
«Samruk-Kazyna Odeu» ЖШС	57.221	56.258
Басқалары	5.343	6.886
Өзге ұйымдарға берілген қарыздар	14.801	15.033
«Досжан Темір Жолы» АҚ	6.373	6.600
«Қазақстан Инжиниринг» ұлттық компаниясы» АҚ	4.941	4.946
Басқалары	3.487	3.487
Еншілес ұйымдар шығарған облигациялар	280.218	262.349
«Қазақтелеком» АҚ	75.000	75.000
«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ	46.480	46.035
«Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС	34.711	32.385
«Samruk-Kazyna Construction» АҚ	17.960	11.520
Басқалары	106.067	97.409
Өзге ұйымдар шығарған облигациялар	116.038	113.058
«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ	71.621	68.793
«Baiterek Venture Fund» АҚ	40.150	40.150
Басқалары	4.267	4.115
Алынуға жататын сыйақы	22.586	18.957
Минусы: күтілетін кредиттік шығын резерві	(45.642)	(45.329)
Берілген қарыздардың жалпы сомасы, нетто	787.115	736.286
Қаржылық жалдау бойынша берешек	3.840	5.135
Берілген қарыздар мен қаржылық жалдау бойынша берешектің жалпы сомасы	790.955	741.421
Минусы: ағымдағы бөлік	(187.800)	(146.406)
Ұзақ мерзімді бөлік	603.155	595.015

Берілген қарыздар және қаржылық жалдау бойынша берешек келесі валюталарда білдірілді:

<i>Миллион теңгемен</i>	2022 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	2021 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)
Берілген қарыздар және теңгемен білдірілген қаржылық жалдау бойынша берешек	635.126	606.060
АҚШ долларында білдірілген, берілген қарыздар	137.431	123.560
Рубльмен білдірілген, берілген қарыздар	18.398	11.801
	790.955	741.421

АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)**7. БЕРІЛГЕН ҚАРЫЗДАР ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАЛДАУ БОЙЫНША БЕРЕШЕК (жалғасы)****Еншілес ұйымдарға берілген қарыздардағы өзгерістер**

«Samruk-Kazyna Construction» АҚ (бұдан әрі - «СКС»)

2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдың ішінде «СКС» 4.218 миллион теңге (2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда: 6.191 миллион теңге) сомасына қарыздарды ішінара мерзімінен бұрын өтеді.

2022 жылғы 30 маусымға «СКС»-ға берілген барлық қарыздар бойынша негізгі борыш пен алынатын сыйақының баланстық құны 63.218 миллион теңгені құрады (2021 жылғы 31 желтоқсанға: 67.436 миллион теңге).

«Samruk-Kazyna Odeu» ЖШС

2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдың ішінде Қор 2017 жылғы 15 желтоқсандағы «Samruk-Kazyna Odeu» ЖШС-мен кредиттік шартқа қосымша келісім жасады, ол бойынша жеңілдікті кезең мерзімін 2023 жылғы 31 желтоқсанға дейін ұзартуға байланысты қарыздың түрлендірілуі танылды. Түрлендіру күніндегі қарыздың номиналды құны мен әділ құны арасындағы 1.421 миллион теңге мөлшеріндегі айырмашылық «Samruk-Kazyna Odeu» ЖШС-дағы инвестициялардың ұлғаюы ретінде танылды (5-ескертпе).

2022 жылғы 31 маусымға «Samruk-Kazyna Odeu» ЖШС-ға берілген барлық қарыздар бойынша негізгі борыш пен алынатын сыйақының баланстық құны 57.230 миллион теңгені құрады (2021 жылғы 31 желтоқсанға: 56.295 миллион теңге).

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ

2022 жылғы 25 мамырда Қор айналым капиталын толықтыру мақсатында өтеу мерзімі екі айға дейінгі және жылдық 14,5% сыйақы мөлшерлемесімен 30.000 миллион теңге мөлшерінде «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ-ға қысқа мерзімді қарыз берді.

8. КРЕДИТТІК МЕКЕМЕЛЕРДЕГІ ҚАРАЖАТ

Кредиттік мекемелердегі қаражатқа мыналар кірді:

Миллион теңгемен	2022 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	2021 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)
10 ірі жергілікті банк	401.043	381.543
Басқа да жергілікті кредиттік мекемелер	30.532	30.588
Есептелген сыйақы	11.051	2.207
Минусы: күтілетін кредиттік шығын резерві	(5.811)	(5.686)
Кредиттік мекемелердегі қаражаттың жалпы сомасы	436.815	408.652
Минусы: қысқа мерзімді бөлік	(46.162)	(23.743)
Ұзақ мерзімді бөлік	390.653	384.909

Миллион теңгемен	2022 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	2022 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)
BВВ-(Ваа3)-тен ВВ-(Ва3)-ке дейін рейтинг	78.002	67.996
В+(В1)-ден В-(В3)-ке дейін рейтинг	364.624	346.342
Минусы: күтілетін кредиттік шығын резерві	(5.811)	(5.686)
	436.815	408.652

АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)**8. КРЕДИТТІК МЕКЕМЕЛЕРДЕГІ ҚАРАЖАТ (жалғасы)**

Кредиттік мекемелердегі қаражат келесі валюталарда білдірілді:

<i>Миллион теңгемен</i>	2022 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	2021 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)
Теңгемен берілген кредиттік мекемелердегі қаражат	414.840	400.077
АҚШ долларымен берілген кредиттік мекемелердегі қаражат	21.975	8.575
	436.815	408.652

Негізінен кредиттік мекемелердегі қаражат Үкімет бекіткен іс-шараларды қаржыландыру мақсатында банктерге және басқа да қаржы ұйымдарына орналастырылған қаражатты (нысаналы қарыздар), сондай-ақ уақытша бос ақша қаражатын басқару саясаты шеңберінде орналастырылған банк депозиттерін білдіреді:

<i>Миллион теңгемен</i>	2022 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	2021 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)
Екінші деңгейдегі банктердегі облигациялық қарыздар	349.970	330.753
Үкімет бекіткен іс-шараларды қаржыландыру мақсатында кредиттік мекемелердегі қаражат	80.098	83.585
Уақытша бос ақша қаражатын басқару саясатының шеңберінде орналастырылған банк депозиттері	12.558	—
Минусы: күтілетін кредиттік шығын резерві	(5.811)	(5.686)
Кредиттік мекемелердегі қаражаттың жалпы сомасы	436.815	408.652
Минусы: қысқа мерзімді бөлік	(46.162)	(23.743)
Ұзақ мерзімді бөлік	390.653	384.909

Екінші деңгейдегі банктердегі облигациялық қарыздар

2022 жылғы 31 маусымдағы жағдай бойынша екінші деңгейдегі банктердегі облигациялық қарыздар бойынша тиімді пайыздық мөлшерлеме жылдық 0,1%-дан бастап 9%-ға дейін болды (2021 жылғы 31 желтоқсанға: 0,1%-дан 9%-ға дейін), өтеу күні 2022 жылғы желтоқсаннан бастап 2035 жылғы қарашаға дейін (2021 жылғы 31 желтоқсанға: 2022 жылғы қарашадан бастап 2035 жылғы қарашаға дейін). Облигациялар доллармен және теңгемен көрсетілген.

Үкімет бекіткен іс-шараларды қаржыландыру мақсатында банктер мен басқа да қаржы ұйымдарында орналастырылған қаражат (нысаналы қарыздар)

2022 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша негізінен, Үкімет бекіткен іс-шараларды қаржыландыру мақсатында банктерге және басқа да қаржы ұйымдарына орналастырылған қаражат мынадай қаржы ұйымдары мен банктерге теңгемен берілген қарыздар мен банк салымдары көрсетілген:

- «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ 19.416 миллион теңге сомаға (2021 жылғы 31 желтоқсанға: 19.416 миллион теңге) шағын және орта бизнес субъектілерін қаржыландыру мақсаттары үшін. Бұл қарыз бойынша номиналды пайыздық мөлшерлеме жылдық 5,5%-ды құрайды.
- «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ қаржылық лизингті қорландыру құнын азайту, қазақстандық локомотивтер экспортын ынталандыру және экономиканың басым салаларындағы инвестициялық жобаларға кредит беру мөлшерлемесін азайту мақсаттары үшін тиісінше 6.181 миллион теңге, 2.959 миллион теңге және 1.815 миллион теңге мөлшерінде (2021 жылғы 31 желтоқсанға: тиісінше 6.005 миллион теңге, 2.896 миллион теңге және 2.081 миллион теңге). Бұл қарыздар бойынша номиналды пайыздық мөлшерлемелер жылдық 0,2%-дан бастап 0,6%-ға дейін құрайды.
- Екінші деңгейдегі банктерге ипотекалық қарыздарды қайта қаржыландыруға және студенттерге, Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларында тұрғын үй объектілерін салуға кредит беруге және аралық тұрғын үй қарыздарын беруге тиісінше 49.727 миллион теңге мөлшерінде (2021 жылғы 31 желтоқсанға: 53.187 миллион теңге) қарыз берілген. Бұл қарыздар бойынша пайыздық мөлшерлемелер жылдық 1%-дан бастап 7,28%-ға дейін құрайды.

АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
(аудит жүргізілмеген) (жалғасы)**9. БАСҚА ДА ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР**

Басқа да ұзақ мерзімді активтерге мыналар кірді:

<i>Миллион теңгемен</i>	2022 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	2021 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)
Беруге арналған мүлік	24.611	24.611
SAP лицензиялары	10.041	10.409
Басқалары	12	74
Минусы: құнсыздану резерві	(10.041)	(10.079)
	24.623	25.015

10. БАСҚА ДА ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР

Басқа да қысқа мерзімді активтерге мыналар кірді:

<i>Миллион теңгемен</i>	2022 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	2021 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)
Амортизацияланған құны бойынша ескерілетін қаржы активтері	342.299	54.190
Алынатын дивидендтер	199.981	—
Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің ноттары	140.000	52.265
Пайдаланылуы шектеулі ақша қаражаты	18.417	18.417
Басқа да дебиторлық берешек	12.404	12.011
Минусы: күтілетін кредиттік шығын резерві	(28.503)	(28.503)
Қаржылық емес активтер	6.021	5.953
Басқалары	6.021	5.953
	348.320	60.143

Алынатын дивидендтер

2022 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша алынатын дивидендтерге «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» АҚ-дан, «Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ-дан, «Samruk-Kazyna Construction» АҚ-дан тиісінше 170.541 миллион теңге, 27.409 миллион теңге және 2.031 миллион теңге мөлшерінде дивидендтер кіреді.

11. АҚША ҚАРАЖАТЫ МЕН ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

Ақша қаражаты мен оның баламаларына мыналар кіреді:

<i>Миллион теңгемен</i>	2022 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	2021 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)
Мерзімді депозиттер - АҚШ доллары	190.260	174.215
Кемінде үш ай өтеудің бастапқы мерзімі бар сатып алу және кері сату («кері репо») шарттары	173.213	54.498
Банктердегі ағымдағы шоттар - АҚШ доллары	45.740	67.366
Банктердегі ағымдағы шоттар - теңгемен	45.189	34.713
Мерзімді депозиттер - теңгемен	25.175	62.275
Банктердегі ағымдағы шоттар - басқа валюталар	747	45
Минусы: күтілетін кредиттік шығын резерві	(87)	(145)
	480.237	392.967

2022 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша мерзімді депозиттер бойынша орташа алынған пайыздық мөлшерлеме теңгемен 13,42%, АҚШ долларында 0,49% (2021 жылғы 31 желтоқсанға: теңгемен 8,89%, АҚШ долларында 0,46%); ағымдағы банк шоттары бойынша – теңгемен 0,10%, АҚШ долларында 0,38% (2021 жылғы 31 желтоқсанға: теңгемен 0,13%, АҚШ долларында 0,27%).

АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
(аудит жүргізілмеген) (жалғасы)**12. КАПИТАЛ****Жарғылық капитал**

Акцияларға ақы төлеу	Шығарылуға рұқсат етілген және шығарылған акциялардың саны	Акциялардың номиналды құны, теңгемен	Жарғылық капитал, миллион теңгемен
2021 жылғы 31 желтоқсанға (аудит жүргізілген)	3.481.961.408		5.268.580
2022 жылғы 30 маусымға (аудит жүргізілмеген)	3.481.961.408		5.268.580

2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда акциялар тіркелген жоқ.

Қосымша салынған капитал

2022 жылғы 28 маусымда Қор «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінен» Қордың орналастырылатын акцияларын төлеуге жалпы сомасы 239 миллион теңгеге жылжымалы мүлікті қабылдады. 2022 жылғы 28 маусымда Қор осы жылжымалы мүлікті «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ жарғылық капиталына салым ретінде берді (5-ескертіпте). 2022 жылғы 1 шілдеде Қордың бұрын берілген мүлік есебіне орналастырылатын бір акциясы тіркелді.

Акционерге басқа да бөлу

2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда, Акционер өкімінің негізінде Қор 24.000 миллион теңге (2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда: 29.585 миллион теңге) жалпы сомаға түрлі әлеуметтік жобаларды қаржыландыру бойынша міндеттемелерді капиталдағы өзгерістер туралы жеке есепте Акционерге басқа да бөлу ретінде таныды (15-ескертіпте).

Акциялардың баланстық құны**Қазақстан Қор Биржасының («ҚҚБ») талаптарына сәйкес ашылып көрсетілетін қосымша ақпарат**

Миллион теңгемен	2022 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	2021 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)
Активтердің жиыны	8.020.626	7.636.045
Минусы: материалдық емес активтер	(701)	(830)
Минусы: міндеттемелер жиыны	(1.769.308)	(1.787.392)
Жай акцияның құнын ҚҚБ талаптарына сәйкес есептеуге арналған таза активтер	6.250.617	5.847.823
Жай акциялар саны	3.481.961.408	3.481.961.408
ҚҚБ талаптарына сәйкес бір жай акцияның теңгемен құны*	1.795	1.679

* ҚЕХС-ке жатпайтын бір жай акцияның баланстық құнын ұсыну көрсеткіші.

«ҚҚБ» Биржа кеңесінің 2010 жылғы 4 қазандағы шешіміне сәйкес қаржылық есептілікте ҚҚБ бекіткен қағидаларға сәйкес есептелген есептік күнгі бір акцияның (жай және артықшылықты) баланстық құны туралы деректер болуға тиіс.

Акцияға пайда

Теңгемен	2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген)	2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген)
Акцияға базалық және көбейту пайдасына жай акциялардың орташа өлшенген саны	3.481.960.762	3.481.958.361
Кезеңге акцияға таза пайданың негізгі және көбейтілген үлесі (теңге)	122,49	63,39

АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)**13. ҚАРЫЗДАР**

Қарыздарға мыналар кіреді:

<i>Миллион теңгемен</i>	Шығару сомасы	Өтеу күні	Сыйақының номиналды/тиімді мөлшерлемесі	2022 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	2021 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)
Алынған қарыздар				577.726	630.029
«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ	492 миллиард теңге	2022	Пайызсыз/8,53-14,18%	407.637	453.328
«ВТБ» Банкі ЖАҚ	10,4 миллиард рубль	2023	Ресей Федерациясының Орталық Банкінің негізгі мөлшерлемесі + 1,75%	98.412	61.119
«First Heartland Jusan Bank» АҚ	40 миллион АҚШ доллары	2024	3M Libor + 1,39%	18.895	17.320
«Халық Банкі» АҚ	40 миллион АҚШ доллары	2024	3M Libor + 1,3%	18.891	17.316
«Тау-кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ	18,4 миллиард теңге	2022	пайызсыз	18.442	18.442
«First Heartland Jusan Bank» АҚ (бұрынғы - «АТФ Банк» АҚ)	20,5 миллиард теңге	2032	6,50%/6.50%	15.449	16.179
«Банк ВТБ» (Қазақстан) АҚ	3 миллиард рубль	2023	Ресей Федерациясының Орталық Банкінің негізгі мөлшерлемесі + 1,75%	—	17.674
«Банк ВТБ» (Қазақстан) АҚ	25 миллион АҚШ доллары	2026	2,25%/2,25%	—	10.807
«Сбербанк» АҚ	4 миллиард рубль	2024	Ресей Федерациясының Орталық Банкінің негізгі мөлшерлемесі + 1,8%	—	9.185
«Сбербанк» АҚ	20 миллион АҚШ доллары	2024	3M Libor + 1,39%	—	8.659
Облигациялар				492.567	468.985
Bonds LSE 2021	500 миллион АҚШ доллары	2026	2%/2,36%	232.665	213.291
Bonds KASE 2020	129 миллиард теңге	2023	10,9%/10,9%	130.295	130.295
Bonds KASE 2018	40,5 миллиард теңге	2024	9,25%/9,25%	43.341	41.468
Bonds KASE 2018	34,5 миллиард теңге	2024	9,25%/9,25%	36.920	35.324
Bonds KASE 2017	25 миллиард теңге	2027	10,5%/10,5%	26.050	26.050
Bond KMG 2017	111 миллиард теңге	2044	0,5%/10%	19.026	18.438
Bond DBK 2009	114,9 миллиард теңге	2059	0,01%/6,43%-10,22%	4.270	4.119
Қарыздардың жалпы сомасы				1.070.293	1.099.014
12 ай ішінде өтеуге жататын сома шегерілген				(441.300)	(480.350)
12 айдан кейін өтеуге жататын сомалар				628.993	618.664

АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)**13. ҚАРЫЗДАР (жалғасы)**

Қарыздар келесі валюталарда білдірілген:

<i>Миллион теңгемен</i>	2022 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	2021 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)
Теңгемен көрсетілген қарыздар	701.430	743.644
АҚШ долларында көрсетілген қарыздар	270.451	267.393
Ресей рублімен көрсетілген қарыздар	98.412	87.977
	1.070.293	1.099.014

30 маусымда аяқталған алты ай үшін қарыздардағы өзгерістер былайша көрсетілген:

<i>Миллион теңгемен</i>	2022*	2021*
1 қаңтарға сальдо (аудит жүргізілген)	1.099.014	999.666
Ақша қаражатымен алынды	33.404	108.411
Есептелген сыйақы	21.878	17.445
Дисконтты бастапқы тану (21-ескертпе)	(1.905)	(4.548)
Төленген пайыздар	(15.930)	(12.931)
Негізгі борышты төлеу	(55.994)	(65.083)
Дисконт амортизациясы	24.973	18.050
Валютаны қайта есептеу	55.877	8.147
«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ-ның басқа берешегімен өзара есеп айырысу (5-ескертпе)	(91.175)	–
Басқасы	151	140
30 маусымға сальдо (аудит жүргізілмеген)	1.070.293	1.069.297

* Қордың кейбір қарыздары бойынша ақша түсімдері мен төлемдері ақша қаражатының қозғалысы туралы аралық жеке есепте операциялық қызметтен болған ақша ағындарына қосылған, өйткені бұл қарыздар активтерді басқару шеңберінде Қордың негізгі қызметінің бір бөлігі болып табылады.

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ-дан пайызсыз қарыз

2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдың ішінде Қор «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ-дан 23.605 миллион теңге мөлшерінде (2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда: 21.442 миллион теңге) қосымша транштар алды. 1.905 миллион теңге мөлшерінде транштардың берілу күнгі қарыздың номиналды құны мен әділ құны арасындағы айырма жиынтық кіріс туралы жеке есепте қаржылық кіріс ретінде танылды (21-ескертпе).

2022 жылғы 13 маусымда Қор «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС-дағы қатысу үлесінің 49.5%-ын 91.175 миллион теңге жалпы сомаға сатып алу-сату шарты бойынша «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ-ның берешегімен пайызсыз қарыз бойынша берешекті өзара есепке алуды жүргізді (5-ескертпе).

«Банк ВТБ» (Қазақстан) АҚ-дан қарыз

2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдың ішінде Қор 25 миллион АҚШ доллары мөлшерінде (төлем жасау күнгі бағам бойынша баламасы 11.547 миллион теңге) «Банк ВТБ» (Қазақстан) АҚ-ның қарызы бойынша негізгі борышты мерзімінен бұрын толық өтеді.

2022 жылғы 28 ақпанда Қор 3 миллиард рубль мөлшерінде (төлем жасау күнгі бағам бойынша баламасы 14.850 миллион теңге) «Банк ВТБ» (Қазақстан) АҚ-ның қарызы бойынша негізгі борышты мерзімінен бұрын толық өтеді.

АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)**13. ҚАРЫЗДАР (жалғасы)***«Сбербанк» АҚ-дан қарыз*

2022 жылғы 31 қаңтарда Қор 1.6 миллиард рубль мөлшерінде (төлем жасау күнгі бағам бойынша баламасы 8.879 миллион теңге) «Сбербанк» АҚ-ның қарызы бойынша негізгі борышты мерзімінен бұрын толық өтеді.

2022 жылғы 10 наурызда Қор 20 миллион АҚШ доллары мөлшерінде (төлем жасау күнгі бағам бойынша баламасы 10.196 миллион теңге) «Сбербанк» АҚ-ның қарызы бойынша негізгі борышты мерзімінен бұрын толық өтеді.

Ковенанттар

Қор несие келісімдерінің талаптары бойынша қаржы және қаржылық емес көрсеткіштердің орындалуын қамтамасыз етуі тиіс. 2022 жылғы 30 маусымдағы және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қор барлық қаржы және қаржылық емес көрсеткіштерді орындайды.

14. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ ҚАРЫЗДАРЫ

Үкіметтің қаражатына мыналар кіреді:

<i>Миллион теңгемен</i>	Өтеу күні	Номиналды/ Тиімді сыйақы мөлшерлемесі	2022 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	2021 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)
Ұлттық қордың активтері есебінен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі сатып алған облигациялар	2035-2063	0,01-3%/ 5,56-8,24% 0,15-0,4%/	568.667	558.982
Үкіметтен алынған басқа да қарыздар	2022-2046	5,15%-9,6%	20.577	20.387
Қазақстан Республикасы Үкіметі қарыздарының жалпы сомасы			589.244	579.369
Минусы: ағымдағы бөлік			(10.397)	(10.264)
Ұзақ мерзімді бөлік			578.847	569.105

30 маусымда аяқталған алты ай үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздарындағы өзгерістер былайша көрсетілген:

<i>Миллион теңгемен</i>	2022 жылғы*	2021 жылғы*
1 қаңтарға сальдо (аудит жүргізілген)	579.369	593.221
Есептелген сыйақы	8.685	8.737
Дисконт	78	—
Төленген пайыздар	(8.729)	(8.780)
Негізгі борышты төлеу	(577)	(23.285)
Дисконт амортизациясы	10.418	10.671
30 маусымға сальдо (аудит жүргізілмеген)	589.244	580.564

* Қордың кейбір қарыздары бойынша ақша түсімдері мен төлемдері ақша қаражатының қозғалысы туралы аралық жеке есепте операциялық қызметтен болған ақша ағындарына қосылған, өйткені бұл қарыздар активтерді басқару шеңберінде Қордың негізгі қызметінің бір бөлігі болып табылады.

АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
(аудит жүргізілмеген) (жалғасы)**15. БАСҚА ДА МІНДЕТТЕМЕЛЕР**

Басқа да міндеттемелерге мыналар жатады:

<i>Миллион теңгемен</i>	2022 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	2021 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)
Түрлі әлеуметтік жобаларды қаржыландыру бойынша міндеттемелер	45.104	52.755
<i>Нұр-Сұлтан қаласында Қазақстанның гимнастика федерациясының орталығын салу</i>	18.000	18.000
<i>Нұр-Сұлтан қаласында 200 орынды Ұлттық шұғыл медицина үйлестіру орталығын және Алматы қаласында 350 орынды Ұлттық инфекциялық аурулар ғылыми орталығын салу</i>	11.004	26.255
<i>Нұр-Сұлтан қаласында отбасылық демалыс паркін салу</i>	8.500	8.500
<i>Қазақстандық кәсіби спортты, жоғары жетістіктер спортын, дене шынықтыру мен спортты дамыту</i>	7.600	—
Басқа да міндеттемелер	2.441	2.666
Басқа да ағымдағы міндеттемелердің жалпы сомасы	47.545	55.421

Түрлі әлеуметтік жобаларды қаржыландыру бойынша міндеттемелер

2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда, Акционердің өкімдеріне сәйкес Қор 24.000 миллион теңге (2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда: 29.585 миллион теңге) жалпы сомаға түрлі әлеуметтік жобаларды қаржыландыру бойынша міндеттемелерді мойындады (12-ескертпе). Міндеттемелердің танылуы Акционерге басқа да бөлу ретінде ескерілді.

2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда іс жүзінде аударылған қаражат 31.650 миллион теңге (2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда: 47.649 миллион теңге) болды.

16. ҚАРЖЫЛЫҚ КЕПІЛДІКТЕР БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕР

30 желтоқсанға қаржылық кепілдіктер бойынша міндеттемелерге мыналар кірді:

<i>Миллион теңгемен</i>	2022 жылғы	2021 жылғы
1 қаңтарға (аудит жүргізілген)	53.588	43.427
Жыл ішінде берілген кепілдіктер	11.276	10.785
Қаржылық кепілдіктер бойынша міндеттемелер амортизациясы	(2.638)	(4.444)
30 маусымға (аудит жүргізілмеген)	62.226	49.768
Минусы: ағымдағы бөлік	(5.991)	(4.519)
Ұзақ мерзімді бөлік	56.235	45.249

Қаржылық кепілдіктер бойынша міндеттемелер өз еншілес ұйымдары мен бірлескен кәсіпорынның қызметін және қолданыстағы келісімшарттарын қаржыландыру үшін қаржылық мекемелер берген кепілдіктер бойынша Қордың міндеттемелерін білдіреді (5-6-ескертпелер). Кепілдік шарттарының негізгі бөлігі Қорға өтемақының болмауы талабында жасалған. 2022 жылғы 30 маусымда берешектің жалпы кепілдікті сомасы 2.003 миллион АҚШ долларын және 157.085 миллион теңгені (2021 жылғы 31 желтоқсан: тиісінше 1.884 миллион АҚШ доллары, 155.873 миллион теңге) құрайды.

АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
(аудит жүргізілмеген) (жалғасы)**17. ПАЙЫЗДЫҚ КІРІСТЕР**

Пайыздық кірістерге мыналар кіреді:

<i>Миллион теңгемен</i>	2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген)	2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген)
Берілген қарыздар бойынша дисконт амортизациясы	21.275	19.875
Облигациялар бойынша сыйақы	19.733	19.493
Қарыздар бойынша сыйақы	5.956	6.037
	46.964	45.405

18. ПАЙЫЗДЫҚ ШЫҒЫСТАР

Пайыздық шығыстарға мыналар кіреді:

<i>Миллион теңгемен</i>	2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген)	2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген)
Шығарылған облигациялар мен алынған қарыздар бойынша сыйақы	20.791	20.887
Қаржылық міндеттемелер бойынша дисконт амортизациясы	11.283	11.482
	32.074	32.369

19. ДИВИДЕНДТЕРДЕН ТҮСКЕН КІРІС

<i>Миллион теңгемен</i>	2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген)	2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген)
«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ	180.847	45.212
«Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» АҚ	170.541	112.561
«Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ	88.819	45.537
«Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» АҚ	11.899	17.552
«Самұрық-Энерго» АҚ	2.041	3.242
«Қазақтелеком» АҚ	–	9.642
Басқа да еншілес ұйымдар	3.920	1.318
	458.067	235.064

2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдың ішінде Қор 258.086 миллион теңге мөлшерінде (2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда: 120.096 миллион теңге) дивидендтер алды.

АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
(аудит жүргізілмеген) (жалғасы)**20. ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫСТАР**

Жалпы және әкімшілік шығыстарға мыналар кіреді:

<i>Миллион теңгемен</i>	2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген)	2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген)
Демеушілік көмек және қайырымдылық	3.213	4.991
Жалақы бойынша шығыстар	1.271	1.356
Басқасы	4.440	6.425
	8.924	12.772

Демеушілік көмек және қайырымдылық

Қор жыл сайын өзінің Қайырымдылық бағдарламасына сәйкес қайырымдылыққа нысаналы трансферттерді бөліп отырады. Қайырымдылыққа берілетін нысаналы трансферттер бірыңғай Оператор – «Самұрық-Қазына Trust» корпоративтік қоры арқылы іске асырылатын бірқатар жобаларды қаржыландыру үшін берілді.

Басқасы

Басқа да шығыстарға басқа да әкімшілік шығыстар жатады, оның ішінде жалпы сомасы 143 миллион теңге (2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда: 171 миллион теңге) жалпы сомада басқару органының – Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақылары бойынша шығыстар және 678 миллион теңге (2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда: 352 миллион теңге) жалпы сомада ведомстволық бағынысты ұйымдардың операциялық қызметін қамтамасыз ету үшін қаражат және Қордың операциялық қызметін қамтамасыз ету үшін өзге де әкімшілік шығыстар жатады.

21. ҚАРЖЫЛЫҚ КІРІСТЕР

Қаржылық кірістерге мыналар кіреді:

<i>Миллион теңгемен</i>	2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген)	2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген)
«Кері репо» операциялары және ҚР Ұлттық банктің ноттары бойынша кірістер	7.169	93
Қаржылық кепілдіктер бойынша кірістер	2.775	4.444
Банк депозиттері бойынша сыйақы	1.918	2.669
Алынған қарыздар бойынша дисконт	1.905	4.548
Ағымдағы банк шоттары бойынша сыйақы	107	88
Қаржы активтері бойынша дисконт амортизациясы	5	155
Басқасы	—	71
	13.879	12.068

АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
(аудит жүргізілмеген) (жалғасы)**22. ҚАРЖЫЛЫҚ ШЫҒЫСТАР**

Қаржылық шығысқа мыналар жатады:

<i>Миллион теңгемен</i>	2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген)	2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген)
Алынған қарыздар бойынша дисконт амортизациясы	23.784	17.239
Қарыздар мен облигациялардың сыйақылары бойынша шығыстар	9.923	5.435
Басқасы	–	409
	33.707	23.083

23. БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫҢҒА САЛЫНҒАН ИНВЕСТИЦИЯНЫҢ ШЫҒУЫНАН БОЛҒАН ШЫҒЫН, НЕТТО

2022 жылғы 13 маусымда Қор «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ-ның пайдасына жалпы құны 91.175 миллион теңгеге «Samruk-Kazyna Odeu» ЖШС-ның жарғылық капиталын азайту есебінен алынған (5 ескертпе) «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС-дағы қатысу үлесінің 49,5%-ын өткізді. Сатып алу-сату мәмілесінің нәтижесінде Қор 790 миллион теңге мөлшерінде бірлескен кәсіпорынға инвестициялардың есептен шығарылуынан болған таза шығынды жиынтық кіріс туралы жеке есепте мойындады.

24. ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР

Табыс салығы бойынша шығыстарға мыналар кіреді:

<i>Миллион теңгемен</i>	2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген)	2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін (аудит жүргізілмеген)
Төлем көзінен ұсталатын корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	1.112	1.258
	1.112	1.258

АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
(аудит жүргізілмеген) (жалғасы)**25. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН МӘМІЛЕЛЕР**

Келесі кестелерде байланысты тараптармен 2022 және 2021 жылдарың 30 маусымында аяқталған алты ай үшін жасалған мәмілелердің жалпы сомасы және 2022 жылғы 30 маусымдағы және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша операциялардың сальдосы көрсетілген:

<i>Миллион теңгемен</i>		Байланысты тараптардың берешегі	Байланысты тараптарға берешек	Байланысты тараптарда орналастырылған ақша қаражаты мен депозиттер
Еншілес ұйымдар	2022 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	885	454	9
	2021 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)	689	583	—
Қауымдасқан компаниялар және еншілес ұйымдардың бірлескен кәсіпорындары	2022 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	9	—	—
	2021 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)	9	—	—
Қауымдасқан компаниялар мен Бірлескен кәсіпорын	2022 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	176	—	—
	2021 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)	—	—	—
Мемлекет бақылайтын басқа да кәсіпорындар	2022 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	185	617	4
	2021 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)	155	539	3

2022 жылғы 30 маусымдағы және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша байланысты тараптардың берешегі өзге де дебиторлық берешекті, берілген қарыздарды және қаржылық жалдау бойынша берешекті қамтиды, ал байланысты тараптарға берешек өзінің еншілес ұйымдарының және өзге де байланысты тараптардың қызметін және елеулі келісімшарттарын қаржыландыру үшін қаржы мекемелеріне берілген кепілдіктер бойынша Қордың кредиторлық берешегін, қарыздарын, міндеттемелерін қамтиды.

<i>Миллион теңгемен</i>		Дивидендтерден түскен кіріс	Байланысты тараптардан сатып алу	Байланысты тараптарға сатудан түскен кіріс
Еншілес ұйымдар	2022 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	487	1	99
	2021 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	284	8	55

<i>Миллион теңгемен</i>		Байланысты тараптарға есептелген сыйақы	Байланысты тараптар есептеген сыйақы	Байланысты тараптарға есептелген қаржылық кірістер	Байланысты тараптар есептеген қаржылық шығыстар
Еншілес ұйымдар	2022 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	22.366	2.778	1.919	23.784
	2021 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	20.507	2.724	4.548	16.524
Қауымдасқан компаниялар және еншілес ұйымдардың бірлескен кәсіпорындары	2022 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	236	—	—	—
	2021 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	252	—	—	—
Мемлекет бақылайтын басқа да кәсіпорындар	2022 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	4.136	22.448	346	—
	2021 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)	4.481	22.767	31	—

АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

25. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН МӘМІЛЕЛЕР (жалғасы)

Негізгі басқарушы персоналға төленген, қоса беріліп отырған жиынтық кіріс туралы жеке есепте жалпы және әкімшілік шығыстарға қосылған сыйақының жалпы сомасын 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін 239 миллион теңге (2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін: 262 миллион теңге) құрайды. Аталған сомаларға 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін 143 миллион теңге (2021 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін: 171 миллион теңге) жалпы сомада басқару органы - Директорлар кеңесі мүшелерінің тәуелсіз директорлардың сыйақысы кіреді.

26. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН САЯСАТЫ

Қордың негізгі қаржылық міндеттемелерінің құрамына кредиттік мекемелерден және Үкіметтен алынған қарыздар, шығарылған облигациялар, қаржы кепілдіктері және өзге де кредиторлық берешек кіреді. Көрсетілген қаржы құралдары, ең бастысы, Қордың операцияларына қаржыландыру тарту үшін пайдаланылады. Қордың қаржылық активтерінің құрамына еншілес ұйымдар мен кредиттік мекемелер берген қарыздар, банктік депозиттер, өзге де қаржылық активтер, өзге де дебиторлық берешек, сатып алынған облигациялар мен мемлекеттік бағалы қағаздар, оның тікелей операциялық қызметі нәтижесінде пайда болатын ақша және оның баламалары кіреді.

Қор нарық тәуекеліне, пайыздық мөлшерлемелерге байланысты тәуекелге, кредит тәуекеліне, валюта тәуекеліне және өтімділік тәуекеліне ұшырауы мүмкін.

Қаржы құралдарының әділ құны

Қор бағалау модельдері бөлінісінде қаржы құралдарының әділ құнын белгілеу және ол туралы ақпаратты ашып көрсету үшін мына иерархияны пайдаланады:

- 1-деңгей: бірдей активтер немесе міндеттемелер бойынша белсенді нарыққа арналған бағалар (ешқандай да түзетулерсіз);
- 2-деңгей: барлық шығыс деректері көрсетілетін әділ құнына айтарлықтай әсер ететін басқа да әдістер нарықта тікелей немесе жанама байқалады;
- 3-деңгей: бақыланатын нарықтық ақпаратқа негізделмейтін әділ құнды көрсетуге біршама әсер ететін бастапқы деректерде қолданылатын әдістер.

АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
(аудит жүргізілмеген) (жалғасы)**26. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САЯСАТЫ (жалғасы)****Қаржы құралдарының әділ құны (жалғасы)**

2022 жылғы 30 маусымдағы және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның қаржы құралдарының (баланстық) ағымдағы құнын, төменде ашылып көрсетілген қаржы құралдарын қоспағанда, олардың әділ құнына барынша жақын болып табылады:

2022 жылғы 30 маусым (аудит жүргізілмеген)					
			Пайдалана отырып әділ құнды бағалау		
			Белсенді нарықтағы баға белгілеулері (1-деңгей)	Елеулі бақыланатын бастапқы деректер (2-деңгей)	Елеулі бақыланбайтын бастапқы деректер (3-деңгей)
<i>Миллион теңгемен</i>	Баланстық құны	Әділ құны			
Қаржы активтері					
Кредиттік мекемелердегі қаражат (8-ескертпе)	436.815	414.870	–	414.870	–
Тіркелген сыйақы мөлшерлемесі бар қарыздар және қаржылық жалдау бойынша берешек (7-ескертпе)	790.955	716.046	–	654.390	61.656
Қаржылық міндеттемелер					
Алынған қарыздар (13-ескертпе)	1.070.293	1.023.664	203.462	820.202	–
Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздары (14-ескертпе)	589.244	386.277	–	386.277	–
Қаржылық кепілдіктер бойынша міндеттемелер (16-ескертпе)	62.226	151.324	–	151.324	–
2021 жылғы 31 желтоқсан (аудит жүргізілген)					
			Пайдалана отырып әділ құнды бағалау		
			Белсенді нарықтағы баға белгілеулері (1-деңгей)	Елеулі бақыланатын бастапқы деректер (2-деңгей)	Елеулі бақыланбайтын бастапқы деректер (3-деңгей)
<i>Миллион теңгемен</i>	Баланстық құны	Әділ құны			
Қаржы активтері					
Кредиттік мекемелердегі қаражат (8-ескертпе)	408.652	394.175	–	394.175	–
Тіркелген сыйақы мөлшерлемесі бар қарыздар және қаржылық жалдау бойынша берешек (7-ескертпе)	741.421	679.825	–	614.270	65.555
Қаржылық міндеттемелер					
Алынған қарыздар (13-ескертпе)	1.099.014	1.087.627	213.293	874.334	–
Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздары (14-ескертпе)	579.369	374.861	–	374.861	–
Қаржылық кепілдіктер бойынша міндеттемелер (16-ескертпе)	53.588	49.606	–	49.606	–

2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай ішінде әділ құн иерархиясының 1-деңгейі мен 2-деңгейі арасындағы аударымдар жүзеге асырылмады; сондай-ақ 3-деңгейдің әділ құнын бағалау санатына немесе одан аударымдар жүзеге асырылмады.

Жоғарыда көрсетілген қаржы құралдарының әділ құны иеленетін пайыздық мөлшерлемелер бойынша ақшалай қаражаттың күтілетін болашақтағы ағындарын дисконттау арқылы есептелген.

**АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
(аудит жүргізілмеген) (жалғасы)**

27. СЕГМЕНТТІК ЕСЕПТІЛІК

Шоғырландырылған деңгейдегі операциялық сегменттер өндірілетін өнім және әртүрлі нарықтарда көрсетілетін қызметтер негізінде білдірілген. Басқару мақсатында Топ алты негізгі операциялық сегментті анықтады: мұнай-газ химиясы, тау-кен өндіру, тасымалдау, коммуникациялар, энергетика, өнеркәсіп. Қор Басқармасы негізгі операциялық шешімдерді қабылдайтын және ресурстарды бөлу және қызмет тиімділігін бағалау туралы шешімдер қабылдау мақсатында әрбір бизнес-бөлімше қызметінің нәтижелерін талдайтын орган болып табылады. Сегменттік есептілік бойынша ашып көрсетулер 8 ҚЕХС-ке (IFRS) сәйкес 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған үш және алты ай үшін аралық шоғырландырылған қаржылық есептіліктің 37-ескертпесінде көрсетілген.

28. ШАРТТЫ ЖӘНЕ ШАРТТЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР**Шартты міндеттемелер**

Қор елеулі міндеттемелердің пайда болу ықтималдығының дәрежесін бағалайды және міндеттемелердің пайда болуына алып келетін оқиғалар болатын жеткілікті ықтималдық болған, ал тиісті міндеттемелердің сомасы дұрыс айқындалуы мүмкін жағдайда ғана өзінің аралық қысқартылған жеке қаржылық есептілігінде тиісті резервті көрсетеді. Бұл аралық қысқартылған жеке қаржылық есептілікте қандай да бір шартты міндеттемелер бойынша резерв құрылмады.

Қордың шарттық және шартты міндеттемелері 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін жылдық қаржылық есептілікте ашылып көрсетілген; 2022 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айдың ішінде жаңа елеулі шарттық міндеттемелер болмады.

Соттың талқылауы

Қорға тиесілі Kashagan B.V. акцияларының қамауға алынуына орай Қордың шағымы бойынша Стати мырзаға және онымен байланысты тараптарға қарсы басталған сот ісі

2017 жылғы 14 қыркүйекте Амстердам қ. соты шешімінің негізінде Қордың оған тиесілі құны 5,2 миллиард АҚШ доллары болатын «KMG Kashagan B.V.» ЖШЖК акцияларының 50%-ға қатысты құқықтарына бұл акцияларға билік ету бөлігінде шектеу (бұдан әрі – «шектеу») салынды.

Аталған шектеу 2013 жылы Стокгольм Сауда палатасының Төрелік институты жанындағы Төрелік трибунал шығарған Анатолий Стати, Габриэль Стати, Ascom Group SA және Terra Raf Trans Trading Ltd.-тің Қазақстан Республикасына қарсы іс бойынша төрелік шешімді Нидерландыда тану және орындау жөніндегі талапты қамтамасыз ету шеңберінде қойылды. 2020 жылғы 18 желтоқсанда Жоғарғы сот Амстердам қ. Апелляциялық сотының 2019 жылғы 7 мамырдағы қамауда ұстау туралы шешімінің күшін жойды және істі Гаага қ. Апелляциялық сотының қарауына жолдады. Гаага қ. Апелляциялық соттағы тыңдау 2022 жылғы 4 сәуірде басталды.

2022 жылғы 14 маусымда Гаага қ. апелляциялық соты «KMG Kashagan B.V.» ЖШЖК акцияларынан шектеулерді алып тастау және Амстердам қ. сотының 2018 жылғы 5 қаңтардағы шешімінің күшін жою туралы шешім қабылдады, оған сәйкес «KMG Kashagan B.V.» ЖШЖК акцияларына шектеу сақталды.

Статидің 2017 жылғы 7 желтоқсанда берген шағымының Негізгі процесі, онда Стати сотты Қорды Қазақстан Республикасының бір бөлігі деп тануды және Қорды Төрелік шешімді орындауын міндеттеуді сұрады.

2021 жылғы 17 наурызда Статидің 2017 жылғы 7 желтоқсанда берген шағымының Негізгі процесі бойынша тыңдаулар өтті, онда Стати сотты Қорды Қазақстан Республикасының бір бөлігі деп тануды және Қорды 2013 жылғы 19 желтоқсандағы Арбитраждық шешімді орындауын міндеттеуді сұрады.

2021 жылғы 28 сәуірде Амстердамның Округтік соты Қордың Негізгі процесті ҚМГ Қашаган Б.В. акцияларын шектеуді шағымдану бойынша Гаагадағы Апелляциялық сотының шешіміне дейін кейінге қалдыра тұру өтінішін қанағаттандырды.

Қазіргі уақытта Қор өз мүдделерін белгіленген тәртіппен қорғау бойынша барлық қажетті шараларды қолға алады және өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауын жалғастырады.

АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ЖЕКЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (аудит жүргізілмеген) (жалғасы)

29. ЕСЕПТІ КҮННЕН КЕЙІНГІ ОҚИҒАЛАР

Жарғылық капитал

2022 жылғы 1 шілдеде Қордың бұрын алынған мүлік есебіне орналастырылатын бір акциясы тіркелді. 239 миллион теңге мөлшеріндегі сома Қордың жарғылық капиталына қосымша енгізілген капиталдан қайта сыныпталды.

Дивидендтер

2022 жылғы шілдеде Қор «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» АҚ-ның еншілес компанияларынан, «Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ-дан, «Samruk-Kazyna Construction» АҚ-дан және «KMG Kashagan B.V.» ЖШЖК бірлескен кәсіпорнынан 170.541 миллион теңге, 27.409 миллион теңге, 2.031 миллион теңге мөлшерінде және тиісінше 567 миллион АҚШ долларында дивидендтер алды

Қарыздар

2022 жылғы шілдеде Қор «First Heartland Jusan Bank» АҚ-дағы 40 миллион АҚШ доллары мөлшерінде қарызын және «Халық Банкі» АҚ-дағы 40 миллион АҚШ доллары мөлшеріндегі қарыз бойынша негізгі борышты мерзімінен бұрын толық өтеді.

Еншілес компаниялар мен бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар

2022 жылғы 12 қыркүйекте Қор «QazaqGaz» ҰК» АҚ-мен «Түркістан ПМУ» ЖШС-ның жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің 50%-ын сату-сатып алу шартын жасады. 2022 жылғы 15 қыркүйекте Қордың «Түркістан ПМУ» ЖШС-ның жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің 50%-на меншік құқықтары қайта тіркелді.

2022 жылғы 15 қыркүйекте Қор «KMG Kashagan B.V.» ЖШЖК компаниясының 50% үлесін Cooperative KazmunaiGaz U.A-ның пайдасына 3.8 миллиард АҚШ долларына сатты.